

Әкімдіктің 2011 жылғы 26 мамырдағы № 145 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 14 мамырдағы № 137 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 4 маусымда № 9-19-178 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 05.01.2016 № 2 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-5) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" әкімдіктің 2011 жылғы 26 мамырдағы № 145 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-19-157 тіркелген, 2011 жылы 16 маусымда "Нұрлы жол" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағының 1) тармақшасы жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н :

"1) жұмыс орындардың жалпы санының үш пайызы мөлшерінде қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар

Ү ш і н ; " .

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ з ы н к ө л

ауданының әкімі

Т. Ташмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

"Ұзынкөл ауданының жұмыспен қату
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ *Г. Асқарова*